2 ведущий: Блокадный Ленинград. В огромном спросе книга. Книжные магазины были полны покупателей. Все приезжающие с передовой жадно устремлялись за книгой. Замерзающие, опухшие от голода люди находили в себе силы приходить в читальный зал. В осаждённом городе библиотеки работали каждый день. На крыше государственной библиотеки имени Ленина были установлены два 37-миллиметровых зенитных орудия. При бомбардировке здание трясло, сыпались осколки, были раненые, но читальные залы библиотеки были полны. Люди охапками брали книги у умирающих библиотекарей, и в промерзших квартирах при свете коптилки читали, читали.

3 чтец: От бомбы дрогнули в огне
Стропила мирной комнатухи,
А человек стоял в окне,
А человек взывал: «Ко мне!
Тут книги у меня! Тут Пушкин!»
Ему кричали: «Выходи!»
Но книг оставить не хотел он.

И крепко прижимал к груди
Он томик полуобгорелый.
Когда ж произошёл обвал
И рухнул человек при этом,
То и тогда он прижимал
К груди создание поэта.
В больнице долго он без сил
Лежал, как мёртвый на подушке.
И первое, что он спросил,
Придя в сознание: «А Пушкин?»
И голос друга, поспешив,
Ему ответил: «Пушкин жив!» (В. Инбер)

1 ведущий: Жамбыл Жабаев – казактың ұлы ақыны. «Соғыс жылдарындағы өлеңдер» жинағына кірген, Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген өлеңдер туды. Солардың ішінде жалынды өлең – «Ленинградтық өренім!» Ленинград қаласын қорғаушы ержүрек жауынгерлердің әнұраны болды. Бұл өлең қала көшелеріне ілініп, адамдар өмірінің қиын сәтінде туғандарынан хат алғандай оны дауыстап оқыды. Ақынға алғыс хаттар келіп жатты: «Сізге бізді қуантқаның үшін қызыл әскерлер атына көп рахмет. Біз бәріміз сіздің өлеңізді жатқа білеміз». Жамбыл жалынды сөздерімен ғана емес, жанымен де елімізді қорғаушылардың қатарында болды. Жеңісті жүрек қанымен төледі. Жамбылдың ұлы Алғадай Синельниково қаласын қорғауда 1943 жылдың 22 ақпанында батырлықпен қаза тапты. Бұл қайғыны Жамбыл өте қатты қайғырлы. (Жамбыл Жабаев – великий казахский акын. В годы Великой Отечественной войны им было создано много песен, вошедших в сборник «Песни военных лет». Среди них – пламенное стихотворение «Ленинградцы, дети мои!», ставшее гимном бесстрашным защитникам Ленинграда. По городу были расклеены плакаты, и люди читали его слова вслух так, как читают письмо от родного человека в трудную минуту жизни. Его стихи звучали по радио. К нему приходили письма с передовой: «Спасибо, дорогой акын, боевое красноармейское вам спасибо за то, что порадовали нас. Все мы наизусть знаем ваши стихи». Не только пламенным словом и душой Жамбыл встал в ряд с защитниками страны. Кровью сердца он оплатил Победу. Сын Жамбыла Алғадай героически погиб 22 февраля 1943 г. на подступах к городу Синельниково. Жамбыл тяжело переживал эту утрату.)

Звучание домбры. Исполняется стихотворение «Ленинградтық өренім». Затем текст ведущих на фоне слайдов

1 ведущий: Многие знаменитые казахстанские поэты и писатели воевали на фронтах Великой Отечественной. Жубан Молдағалиев. Был призван в армию в 1940 г. Демобилизовался только в 1947-м. Прошёл всю войну. Был политруком, комиссаром батареи, сотрудником фронтовых газет, издававшихся на казахском языке «Отан үшін», «Майдан ақиқаты», «Жеңіс туы». Награждён медалями, двумя орденами Отечественной войны 2-ой степени.

2 ведущий: Халижан Бекхожин воевал с 1942 по 1946 гг., был военным журналистом. Ильяс Есенберлин. Ушёл на фронт, в январе 1942 года тяжело ранен в ногу под Старой Руссой, год в госпитале в Костроме, в 1943 году комиссован по инвалидности и вернулся в Казахстан. Награждён двумя медалями — «За боевые заслуги» и «За оборону Ленинграда».

1 ведущий: Касым Аманжолов. Когда началась война, известный уже в те годы поэт получил бронь. Но он отказался от нее, отправился на фронт, воевал, был ранен, попал в госпиталь на Дальнем Востоке. С Абдуллой Жумағалиевым, молодым казахским поэтом они были ровесниками и близкими друзьями. Касым из газеты узнал о том, что Абдулла героически погиб на фронте, в немецком окружении. Ему предлагали сдаться, но молодой

человек отказался и запел песню родины “Такку”, так и погиб с песней на устах. Касыма глубоко взволновала смерть друга. Ночью он написал поэму “Абдолла” - “Легенду о смерти поэта”.

2 ведущий: Касым Кайсенов По окончании в ноябре 1941 года школы военной разведки был направлен в штаб Северо-Западного фронта, откуда, получив специальное задание, был заброшен в тыл врага для организации на территории оккупированной Украины диверсионно-партизанского движения. На этой земле Касым Кайсенов командовал отрядом под номером три, носившим имя Чапаева. В дальнейшем, до конца 1944 года, участвовал в партизанских движениях на территориях Молдавии, Чехословакии, Румынии. Будучи командиром отряда, участвовал в более ста военных походах и диверсиях. Он знал 124 способа убить человека и лично убил 100 врагов. Касым Кайсенов — автор многочисленных произведений, в которых правдиво описывал самые трудные периоды Великой Отечественной войны, беззаветный героизм простых солдат. Его первая книга «Молодой партизан» увидела свет в 1954 году. После этого были опубликованы книги «Илько Витряк», «Партизаны Переяславля», «В пасти у смерти», «Мальчик в тылу врага», «На Днепре», «В тылу врага», «Партизанские тропы» и многочисленные рассказы, очерки, сборники повестей. О нём был снят в 2013 г. многосерийный фильм «Касым. Без права на выбор».

Отрывок из фильма. Выходят чтецы.

4 чтец: Война! Твой страшный след

Живёт в архивах пыльных,

В полотнищах побед

И в нашумевших фильмах.

Война! Твой горький след –

И в книгах, что на полке...

Седьмой десяток лет

В сердцах твои осколки. (Н.Старшинов)

5 чтец: А были дни и ночи – стали даты,

Нас разделив на мёртвых и живых.

Читают постаревшие солдаты

Воспоминанья маршалов своих.

Листают, возвращаются и – дальше....

Сон не идёт при тишине любой.

Ага, деревня помнится на марше,

А вот ещё – а дальше первый бой.

Передовая – это нам известно.

А здесь траншея, правильно, была

Здесь ночевали сумрачно и тесно,

Здесь ранило – отметина цела.

Читают... Удивительно солдату,

Как в Ставке, там – в далёком далеке,

Его дороги наносил на карту

Верховный сам, с карандашом в руке...

Разглядывают карты битв великих:

К Берлину – стрел стальные острия.

Вот где-то тут, в кровавых этих бликах,

Находят точку, - вот она, моя!

Трехверстку бы достать – другое дело,

Масштаб не тот, а то бы и нашли

Свою травинку в прорези прицела,
Свою кровинку на комке земли...(Луконин М. Солдаты)

6 чтец: В пожарищах сметенных дней,
Когда окоп – твоя могила,
Лишь перед смертью и видней,
Кто без чего прожить не в силах.
И в задыхающийся час
Атаки или обороны
Мне книга – пища и очаг,
Она - оружие и патроны.
О книги! Подняты они
Из мёртвых танков и окопов,
Из-под расплющенной брони
Непогребённых самолётов.
Они взывали стать смелей –
Они к восстанию взывали,
И их сжигали, как людей
В печах Майданека сжигали.
Могила братские – толпа
Погибших книг и пепла горстка...
О, книг солдатская судьба –
Судьба терпенья и упорства.(Дубровин Б.)

1 ведущий: 1945 жеңіс жылы. Соғыс аяқталды. Ұлы Отан соғысы тарих парақтарына айналды. Бұл тарихты қайта жазып немесе қайта дұрыстауға, ұмытуға құқымыз жоқ, өйткені ол бізге 27 миллион қаза болғандардың көзімен қарайды. (Победный 1945 год. Война закончена. Великая Отечественная стала страницей истории. Истории, которую мы не вправе забыть, и которую нельзя поправлять или переписывать, потому что она смотрит на нас глазами 27 миллионов погибших)

2 ведущий: Рассказы о тех страшных 1418 днях войны хранят книги. Читая и перечитывая их, мы окунаемся в прошедшее, переживаем его с особой остротой, становимся хранителями Истории, перенимаем эстафету Памяти. Это необходимо, потому что «если мы войну забудем, вновь придёт война!».

Хореографический этюд «Детские мечты»

Литература

Книги не молчат: Сборник/Предисл. С. Баруздина; Сост. И. Скороходова.- М.: Дет. Лит., 1989.- 287 с.: ил., фото.

Коваль Л.М. «И книга тоже воевала...»//Библиотека.- 2005.- № 1.- С. 66-68.

Слова, пришедшие из боя: Статьи. Диалоги. Письма. Вып.2/Сост. А.Г. Коган.- М.: книга, 1985.- 240 с.: ил.-(Судьбы книг)

Халимульдина А.И, Халимульдин А.К. Звёздный час Маншук.- Алма-Ата: Жалын, 1985.- 400 с.

«Еліміздің батыр қыздары -Ұлы Отан соғысында Әлия, Мәншүк және Хиуаз.»

Бексултанова Рсалды Касымкановна
Ғ.Қайырбеков атындағы
№9 мектеп кітапханасының меңгерушісі.

Мақсаты: оқушыларды Отаның, елін, туған жерін сүйуге баулу, өз еліміздің батыр қыздарымен менерліктерін айту;адамгершілікке,батырлыққа тәрбиелеу;1941-1945 жылдардағы соғыс туралы түсіндіріп,бейбітшілікті сақтап нығайтуға,мінзділікке, ұлтшылдыөөа тәрбиелеу.

Отан үшін мерт болғанды танып біл,
Оларды әсет ұмытпайды халық бұл,
Батырлардың жүрегі от болып жанып тұр.
Барлық халық бейбіт өмір сүрсек те
Отанының бақыты үшін мерт болған
Батырларды есіне ұста,күрметте!
Қараң бұлтқа оранбасын күн көкте!

Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген Екінші дүниежүзілік соғыстың Қасіреті мен Жеңістің қасиетің, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес.

Фашистік Германияның тарапынан басталған бұл соғыс 1941 жылы 22-маусымда басталады. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының аркасында 1945 жылы 9-мамырда соғыс Жеңіспен аяқталады. Міне, содан бері 75 жыл мерзім уақыт өтті. Биыл Жеңістің 75 жылдығы.

Соғыс жылдарының шежіресіне назар аударсақ, қазақ қыздарының ерлігі қайран қалдырады.Оларды майданның әр тұсынан, әскери құрамалардың әр тө түрінен кездестіруге болатын. Қазақ қызынан ұшқыш та,танкист те,барлаушы да, партизан да шықты. Сонау етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен шатқалан кезеңде азамат жүгін арқалап, мындаған қазақ өаз-келіншектері уақыт тезінен, тарих талқысынан сүрінбей өтті.Олар аяғына солдаттың керзі етігін киіп Мәскеуден Берлинге дейін шеру тартты.Рейхстагта желбіреген Қызыл туда да қазақ әйелінің өз үлесі, даңқты жолы бар.Жалпы соғысқа қатысқан әрбір жауынгер қазақ қыздарын нағыз батыр деп бағалауға әбден болады.Қазақ әйелі соғыстың зардабын да, салмағын өзгелермен өатар көтере білді.Әлия,Мәншүк, Хиуаз сияқты батыр қыздарымыз ерлігімен танылды.

**Мәметова Мәншүк Жиенғалиқызы, Кеңес Одағының
Батыры.**



Сілкініп зеңбіректер жердің жүзін,
Оқ борап, снарядтар қаққанда ызың.
Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған
Мен көрдім пилоткалы қазақ қызын.
Қолында пулеметі «Максим»оның .
Бойында күш жігері тасқын оның.
Ерлермен тізе қосып шабуылда,
Оғымен қырғын майдан ашты жолын.

1922 жылы Гурьев облысы Орда ауданында туылған. Азан шақырып қойған аты Мәнсия. Бес жасынан бастап оны әкесінің немере інісі Ахмет Мәметов және әйелі Әмина асырап алған. Үлкен қара көзі, пысықтығы, ширақтығы үшін олар баланы еркелетіп «Моншағылым» деп атады. Өзінен атын сұрағанда, бала «Мәншүк» деп жауап берген. Солай аты Мәншүк боп қала берді.

1937 жылдың қуғын-сүргініне Мәметовтер әулеті де ұшырады. Ғылыми – зерттеу институтының директоры Ахмет Мәметов қамауға алынды. Ол кісінің әйеліне айтқан соңғы сөзі: «Менің Мәншүгімді ренжітпе, аман сақта». Кейіннен Ахмет Мәметовті ақтады, бірақ олардың отбасы қудаланып, «халық жауы» аталды. Есейген Мәншүк әкесінен бас тартпады, оны сатпады. Ол әкесінің қамалуын қате деп санады.

Мектепті бітіргенне соң Мәншүк медицина институтына оқуға түсті.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк 18 жаста болатын. Ол соғысқа бару, Отанын қорғау туралы шешім қабылдады. Өтінішінде: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз», деп жазған. 1939 жылдан бері комсомолмын. 1941 жылдың 7-ші тамызы».

Бір жыл бойы Мәншүк әскери комиссариаттан өзін әскерге жіберу туралы өтінді. 1942 жылдың 13-ші тамызында Алматыдан 100-ші атқыштар бригадасы майданға аттанды. Оның құрамында 4890 жауыңгер, оның ішінде 2 қазақ қызы – дәрігер Мәриәм Сарлыбаева және Мәншүк Мәметова болған екен. Бригаданы ұла дана ақын Жамбыл өлеңімен шығарып салыпты.

Әскердің қиындығын Мәншүк ерлермен қатар көрді- жер жорғалап, судан жүзіп, қалың ну ормандардан өтті, пулемет атып үйренді. 21-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының ең жақсы пулемет атқышы атағына ие болды. Ол ержүректің үлгісі болды,оны дивизия жауыңгерлері мақтан тұтқан. 1943 жылдың 15-ші қазанында Псков облысындағы Невель қаласын босату үшін Изоча станциясындағы 173,7 биіктігінде өте

катал соғыс болды. Мәншүк өзінің әскери бөлімінің шабуылын пулемет отымен қолдады. Мәншүктің басына оқ тиді. Соғыс күштерін жинап, Мәншүк пулеметін ашық жерге алып шығып, жодастарына жолды тазалап, фашистердің тікелей бетіне атқан. Өлі Мәншүк пулеметтің саптарын қолына тастай қатты қысып алған. Сол қан майданда **Мәншүк Мәметова** ерлікпен қаза тапты.

Шаттансан, қыз тудым деп қазақ шаттан,
Мәншүгім отаныма болған мақтан.
Қала Невель маңында тұлғасы тұр,
Дегендей «Ерлікке аттан, жеңіске аттан».
Сол жермен талай заман адамы өткен,
Желдіртіп қоңыраулы атын жеккен.
Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп
Қазақтың Мәншүк қызы қанын төккен.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1-ші наурызында немес басқыншыларымен соғысу майданындағы қолбасшының әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны үшін, көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Мәншүк соғыстан аттанған Алматы қаласына Кеңес Одағының түпкір – түпкірлерінен алғыс хаттар барды. **Невель қаласында Мәншүк атында көше бар.**

Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова, Кеңес Одағының Батыры.



Әлия Ақтөбе облысы Хобда ауданы Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында 1925 жылдың 15-ші маусымында дүниеге келген. Әлия 8 жасқа келгенде, анасы қайтыс болды. Нұрмұхаммед Сарқұловтың қолында екі баласы ұлы Бағдат және қызы Әлия қалды. Әкесі Әлияны нағашы әжесі Тәжікенге беруге мәжбүр болды. Әжесі қазіргі Құрайлы ауылында тұрған, немересін өте жақсы көрген, оған адамгершілікті, жақсылықты, еңбекқорлықты үйреткен. Әлия нағашысы Әубәкір Молдағұловтың үйінде, нағашысының қызы өзімен құрдас Сапурамен өсіп, есейді. Үй- іші Әлияні өте жақсы көрді. Әубәкірдің әйелі Сән қыздарға көп нәрсені үйретті, оған қыздар үй жұмысында көмектесті, кішкентай бауырларын тәрбиелеп, бақты. Өз құрдастарына қарағанда Әлияның мінезі қисық қатал болатын.

1933 жылы Молдағұловтар отбасы Шалқардан Жамбылға, ол кезде Әулиеата деген кішкентай станцияға көшіп барды. Нағашысы Түркістан –Сібір теміржолының үшінші эксплуатациялық ауданы саяси бөлімінің инструкторы болып қызмет істеді. Үйлері теміржол вокзалының жанында болды. Үйдің жанындағы теміржол мектебіне бірінші сыныбында оқыды.

1935 жылы нағашысы Әубәкір Әскери-көлік Академиясына оқуға түсіп, отбасымен Москваға көшті, ал соғыстың алдында Академиямен бірге Ленинградқа көшті. Ленинградта Смоленский ауданында Слуцкий көшесінде 2-ші үйде тұрды. Отбасы жағдайына байланысты нағашысы Әлияні Красногвардейский ауданындағы Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйіне тапсырды. Бұл балалар үйінің оқушылары қасында орналасқан Үлкен охта даңғылындағы № 9 мектебінде оқыды, қазір бұл № 140-шы мектеп. 1980жылы Ленсоветтің атқару комитетінің шешімімен Гурдин көшесіне Әлия Молдағұлованың аты берілді.

Әлия Ленинградты шын жүрегімен жақсы көрді. Бұл қала оның екінші отаны болды. Әлияның мұғалімдері, бірге оқыған дос қыздары оны өте ұстамды, терең ойлы, таза, ұқыпты деп естеріне алады. Ол жауқауларды жек көріп, олар бүкіл балалардың алдында сынап, ұрсатын. 6-7-ші сыныпта Әлия староста болған. Үздік оқуы және үлгілі тәртібі үшін Әлияны Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері Артекке жіберген. Артеkte батырлардың тақтасында атақты Батырлар Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзенің қасында Әлия Молдағұлованың да суреті бар. Әлия оқуда өте зерек, талапты, ынталы болып, кітапті көп оқыды.

Соғыс басталған жазда Әлия детдомның балаларымен бірге Сиверская станциясында болған, маусымның аяғында олар Ленинградқа қайтып келді. Балалар үлкендерге көмектесті: кішкентай балалардың тобына бағып, қарады, қаланың сыртында қорғаныс қамалдарын салысты. Суық бөлмедегі сабақты ауа ескерту сигналы бұзғанда, Әлия балалармен шатырға жүгіріп, немістің тастаған «зажигалкаларын» - өрт бомбаларын сөндірді. Сабақтан кейін Әлия госпитальға барып, жарақаттанған жауынгерлерге көмектесті. Ленинградты немістер қамауға алып, оның тұрғындарын ашаршылыққа ұшыратты. №46 балалар үйінің аға пионер жетекшісі Лидия Костинаның естелігінде Әлия шанамен суға барып, аштықтан көшеде есінен танып құлаған, сөйтсе ол өз нанының жартысын Қаты деген қызға береді екен. 1941 жылдың 4-ші қарашасында Әлия комсомолға өтті. 1942 жылдың наурызында № 46 балалар үйімен Әлия Ладога көліндегі «өмір жолымен» Ленинградтан Ярославль облысы Некрасов ауданы Вятское селосына көшті. Бұнда балалар оқу мен қатар колхозда жұмыс істеді. Сол ауыл мектебінің ботаника мұғалімі татьяна Суворовнаның айтуы бойынша, Әлия жақсы оқитын, ән салатын, билейтін, достары көп болатын, бірақ мінезі тұйық, өзі туралы ашылып ештеңе айтпайтын. 1942 жылдың тамыз айында Әлия Рыбинск қаласына ұшқыштың оқуына кететінін Лида Кротова деген досына айтты. 1942 жылдың 1-ші қазанында Әлия Рыбинск авиатехникумының студенті болды, бірақ оқудың ұзақтығына шыдамай 3 айдан кейін қала әскери комиссариатына өтініш беріп, Қызыл Әскерге кетуіне байланысты 1942 жылдың 21-ші желтоқсанында техникумнан шығып кетті.

Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы (Комсомол) Орталық комитеті және КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының бастамасымен мемлекетте алғаш рет атқыш- снайперлерді дайындайтын әйелдер курстары ашылды. Осы курстар негізінде 1943 жылдың мамырында снайперлік дайындық орталық әйелдер мектебі ұйымдастырылды. Әуелі курстар Москва облысы Перов ауданы Вешняки селосында граф Шереметьев усадьбасының оранжереясында, кейін Москва облысы Щелков ауданы Амерово деревнясында және Подольск қаласында Силикатный поселкесінде орналасқан.

Әлия снайпер мектебінің бірінші түскен тобының 4-ші ротасында оқыды. Кішкентай бойы үшін бұл ротаның қыздарын «қарындаштар» деп атаған. 1943 жылдың 23-ші ақпанында курсант қыздар ант берді. Әлия оқуға бар ынтасы мен зейінімен берілді, көз өткірлігін, мергендігін, қолдың нақтылығын көп жаттықтырды. Сонымен қатар ол жер жорғалап еңбектеуді, қол және станкопулеметтен, автоматтан, танкіге қарсы қарудан атуды үйренді. Оқу жеңіл болған жоқ. Әлия жақсы атқыш болды. Бірақ оның майданға бару мақсатына тағы бір кедергі пайда болды. Мектеп басшылары емтиханнан кейін Әлияні майданға жібермей мектепте басқа жаңа курсанттарды үйрететін инструктор ретінде қалдыру туралы шешім қабылдады. Оны естіген Әлия әскери устав пен тәртіпті ұмытып, «бәрібір майданға кетемін», деп тұрып алды.

1943 жылдың шілдесінде Әлия Сотүстік – Батыс майданына 54-ші атқыштар бригадасына аттанды. Бұндада алдағы қатарға жетуіне кедергі болған оның жасы және бойы. 4-ші батальонның снайпері болды. Көп уақыт тосып, немістерді аңдып отырып, оларды атты. Бір рет немістің сынық танкісіне бұғып отырып, екі немісті атты, үшінші оқпен окоптан шығып тұрған стереоқұбырды атты. Фашистер снайперді байқап, миномет пен зеңбіректерден оқ жаудырды. Танктің астыңғы люгін ашып, Әлия жерді бауырлап, өз бөлімшесіне жетті. **Ұлы Октябрь мейрамы алдында Әлия бір күні жеті немісті атып түсірді.** Бір күні дос қыздармен келе жатып, жеті фашистке жолықты. Біреуін Әлия, екеуін достары атты. Қалғанын қыздар қамауға алып, бастыққа әкеп тапсырды.

1944 жылдың қаңтарында Псков облысы Насва теміржол станциясынан немістерді шығару мақсаты қойылды. Фашистер қатты қарсыласты, артиллерия от жаудырды. Әлияның ростасының командирі қаза болды. Жауынгерлер сасып қалды. Сонда Әлия атып тұрып: «Отан үшін алға!», деп айқай салды. Оның соңында бүкіл рота көтеріліп шабуылға шықты. Әлияның қолына минаның сынығы тиді, бірақ ол автоматын тастамай бір неміс офицерін атты. Офицер жауап беріп, Әлияні екінші рет жарақаттады. Соңғы рет Әлия атып, немісті өлтірді. Казачиха деревнясының батысында, Смердель деген кішкентай өзеннің биік жағасында достары Әлияні жерледі.

Тверьдің орманы жас, жері кәрі,
Ата қоныс санайды жұрттың бәрі.
Сол жерге Әлияның қаны сінді,
Соғып тұр мерген қыздың жүрегі әлі.
Шаттансан, қыз тудым деп қазақ шаттан,
Әлия Отанына болған мақтан.
Бежаница маңында тұлғасы тұр,
Дегендей «Ерлікке аттан, жеңіске аттан».
Бұл жермен сонау заман Пушкин өткен,
Желдіртіп қоңыраулы атын жеккен.
Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп
Қазақтың Әлия қызы қанан төккен.

1944 жылдың 14-ші қаңтарында қазақ халқының ер қызы, Ленинградтың ер қызы Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова отаны үшін, елі үшін батырлықпен шәйіт болды. Оның батальондық достары Әлия үшін жаудан қанды кек аламыз деп ант берді.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың

4-ші маусымында көрсеткен ерлігі үшін ефрейтор Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін Псков облысы Новосокольники ауданының әртүрлі жерлеріндегі жауынгерлердің сүйектері Казачиха деревнясынан 4 шақырым жердегі Монаково селосына кіре берістегі жотадағы бір ағайындық зиратқа әскери салтанатпен жерленді.

Менің байқауым, Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың тұған жерлері де жақын: Атырау облысы Орда ауданы және Ақтөбе облысы Хобда ауданы. Екеуі бір жерде қайтыс болды. Мәншүк Псков облысы Невель қаласында, одан теміржолмен солтүстікке қарай 60 шақырым жерде Псков облысы Насва станциясында Әлия қаза болды.

Сонау жылы жер-көкті
Соғыс бұлты торлаған.
Сонда Міншүк апамыз
Жаудан елді қорғаған.
Айтамыз біз өлең қып,
Айтамыз біз жыр етіп,
Әлия апай ерлігі
Ұмытылмас мәңгілік.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова



1922 жылы 15 мамырдың Гганюшкин ауылында қазір Атырау облысы дүниеге келген. Әкесі Қайыр — балықшы, анасы Меруерт — мұғалім болып еңбек еткен. Хиуаздың балалық шағы нәубетті жылдармен тұспа-тұс келді. Ол Орал қаласындағы жалғыз қазақ мектебіне іліге алмай, №1 орыс мектебінде білім алады. Мектептегі оқуымен бірге Оралдағы аэроклубта қатар оқыды. Бұл жайлы ұшқыш апамыздың өзі көзі тірісінде былай деген еді: "Мен мектепте комсомол ұйымында қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Қаламызда ұшқыштар дайындайтын курс ашылған болатын. Соған оқушылар іздеп келгенде, ешкім жазыла қоймады. Мен орнымнан атып тұрып, мені жазыңыздар дедім. Содан кейін біртіндеп басқалар да жазыла бастады.

Сөйтіп ойда-жоқта осы мамандықты игеруге тура келді". 1940 жылы мектепті үздік бағамен тәмамдап қана қоймай, "Запастағы ұшқыш" куәлігін де қоса алып шығады. Осылайша арман қуып, Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түспек болады. Алайда ондағылар академияға тек ерлер ғана қабылданады деген желеумен қазақ даласынан келген қыздың құжаттарын қабылдамай қояды.

Алғашқы қадамы сәтсіз болса да, Хиуаз кері қайтпай, Мәскеудің бірінші медициналық институтына түседі. Араға бір жыл салып, соғыс өрті тұтанады. Осы кезде қазақтың қайсар қызы майданға медбике, тегі болмаса, санитар болып кетсем бе деп, талпынып жүрген. Сөйтіп жүргенде ол әйгілі ұшқыш Марина Раскованың қыз-келіншектерден жасақталған авиаполк құрып жатқанын естиді. Осылайша ол ойланбастан полк басшылығына келіп, Оралдағы аэроклубта меңгерген ұшу дағдыларын көрсетіп, өжеттігімен көзге түсіп, жауынгерлер құрамына қабылданады.

Ұшқыштық өмір жолын Оралдың аэроклубында бастап, кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанған еді. **Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз...** Олардың есімдерін тек Қазақстан ғана емес, кезіндегі КСРО халықтары да жақсы біледі.

Соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған **Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен Халық қаһарманы атағы берілген болатын.**

«Алтын Жұлдыз» және «Отан» орденімен марапатталды.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде Хиуаз Доспанова қайраткерлігімен даралана білді. Елгі оралған соң алдымен Оралдағы облыстық партия комитетіне қызметке орналасып, ондағы әскери бөлімнің нұсқаушысы, артынша Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Президиумының хатшысы сияқты лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Алайда соғыстан алған жарақаты мен денсаулығының ақаулануы оның қырық жасқа жетпестен зейнеткерлер қатарына қосылуына әкелді.

Хиуаз әжей Алматы қаласының орталығында тұрды. Қазір осы үйдің кірберіс қабырғасында мемориалдық тақта ілінген. Бұл үйде әлі де әжейдің жұбайы, ұлы және немересі тұрады.

«Әйр Астана» әуекомпаниясы Хиуаз Доспанованың құрметіне Embraer 190 ұшағына оның есімін беруге шешім шығарды.

2010 жылы Атырау қаласында ол кісінің есімімен көше аталады, сол сияқты атырау қаласындағы спорт сарайы да Хиуаз Доспанова атымен аталды.

2008 жылы мамырдың 21 Алматы қаласында 86 жасында дүниеден озды.

Отан алдындағы борышын өтеуге бел бұған жауынгер қыздар Саратов қаласының әскери әуе училищесіне жіберіледі. Мұнда штурмандар даярлайтын арнайы курсты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шептерін бомбалайтын әйелдер авиалықтарының құрамында майданға аттанады.

Хиуаз Доспанова қызмет еткен полк **Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия** аспанындағы шайқастарға қатысқан. Қазақ қызы қан майданда 300-ден аса жауынгерлік операция орындап, аса маңызды жау шебін талқандайды. Түн қараңғысында жауға қырғидай тиген Хиуаз Доспанова соғыс кезінде ұшақтан 14 рет құлаған екен. Төрт мәрте ауыр жарақат алса да, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған Кеңес Одағының батыры атағын алған Марина Чечнева өзі Хиуаздың шеберлігі жайлы былай деп жазған еді: Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға ылғи да дәл апаратын және өз аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын. **"Түнгі мыстан"** Хиуаз бен оның ұшқыш құрбыларын немістер **"Түнгі мыстандар"** деп атап, олардың әуеден бағыттаған соққысын үрейлене күтіп, талай таңды көз шырымын алмастан қарсы алды. Тіпті **Гитлердің** өзі әрбір атып түсірілген әйел ұшқыштар экипажы үшін әрбір солдатына темір крест беріп, аз күнге үйіне демалысқа жібруге уәде берген деген әңгімелер сол кезде желдей ескен еді.

Сталиннен қаймықпаған қазақ қызы жайлы шындық ашылды **"Түнгі мыстандар"** жау шебіне жақындаған кезде, ұшу биіктігін төмендетіп, жауды үстінен бомбалады. Әр ұшақта екі қыздан бір сағатта 120 шақырымды бағындыруы тиіс. Әрбір қыз бір түнде 5-10 рет жау тылына шабылдауға міндетті. "Біз түнде ұшатын болғандықтан, жау шебіне жақын орналасатынбыз. Біздің полктің өз қағидасы болды: ешқашан да әйел екенінді ұмытпа, ұшағыңды күтіп қара дегендей. Кейде тапсырманы орындап жатқанда, бізге қарсы оқ атылатын. Сондай кездері қыз баламын ғой, фашистерге тұтқынға түскеннен гөрі, ұшақпен жерге құлап, өртенгенімен дұрыс еді деген ойлар келетін", - деген еді сұқбаттарының бірінде Хиуаз Доспанова. Даланы түн қараңғылығы жайлаған кез.

Алдымен жарық бергіш бомба тастапты. Себебі жау әскері мен техникасының қай жерде орналасқанын анықтап алу қажет болған. Сол сәтте төңірек жап-жарық болып кетеді. Звено командирі Е. Пескова мен Х. Доспанова бұйрық түсісімен жаудың атыс ұясын бомбалай бастайды.

Қашанда сақ отыратын жау әскері есін жинап та үлгермепті. Неше мәрте бомбалап, даланың астаң-кестеңі шығып жатқанда ұшқыш қыздар аққан жұлдыздай көзден ғайып болады. Алғашқы әскери тапсырманы осылай сәтті орындаған қос қыз жан-жақтан қаумалап алған майдандастарының қошеметіне емес, өздерінің осындай маңызды іске дайын екенін сезініп, қуанған-ды. "Соғысты ойласам, жаным түршігеді" Қан майданда жаумен алысып, Отан үшін от кешкен қазақ талай мәрте өлім аузынан аман қалған. Бірде жау шебін талқандау үшін кезекті әскери тапсырманы орындау кезінде Хиуаз мінген ұшақ бір мая шөпке соғылады. Абырой болғанда, ұшақтағы бомба жарылмай қалады. Алайда қазақ қызының миы шайқалып, аяғы жараланып, бір ай госпитальда жатады. Емделіп шыққан соң, қызметіне қайта кіріседі.

1943 жылдың көктемінде Хиуаз Доспанова тағы да өліммен бетпе-бет келді. Ұшқыш қыздардың алдына Кубаньды жаудан азат ету міндеті қойылды. Хиуаз Доспанова мен Юлия Пашкова кезекті тапсырманы орындап, аэродромға қайтып келе жатқанда, Макогон мен Свистунова басқарған ұшақпен соқтығысып қалады. Үш қыз мерт болады, ал Хиуаз қауіпсіздік белдігін тақпағанының арқасында аман қалған. "Бізді қыздар тауып алды. Мен ұшақ кабинасынан сыртқа ұшып кетіппін", - деп еске алған еді Доспанова сол бір оқиғаны. Басында қаруластары Хиуазды да өліп қалған шығар деп ойлайды, бірақ кірпігі қимылдап жатқанын көріп, госпитальге апарып емдеген.

Дәрігерлер Хиуаздың тұла бойын түгел гипстеп тастайды, аяқтарының сүйектерін сындырып, түзу біту үшін қайта салады. Жарты жыл госпитальда жатқан ол күздің аяғында полкке қайтып оралады. Осыдан кейін ұшқыш қызды майдандастары ұшаққа көтеріп әкеліп отырғызатын болған. Ұшаққа мініп-түсуі қиын болғандықтан, қыздарға салмақ салмау үшін талай мәрте кабинада түнеп те жүріпті.

Алайда кейін денсаулығына байланысты оған әуеге көтерілуге тыйым салынады. Осыдан кейін ол полк байланысының бастығы болады. Офицерлік шені өсіп, гвардия аға-лейтенаты атанды.

Батырлардың қаһармандық істері ешқашан ұмытылмайды, мәңгі есте сақталады.

Ару қыздар, алаулап от кешкендер.

Сыздап тұр-ау әлі күн оқ тескен жер.

Қаласындар мәңгілік ел есінде,

Ару қыздар, алаулап от кешкендер.

Талдықорғанда Ауған соғысының ардагері жұрт алдында әскери наградасынан бас тартты "Соғыстың қиындығын айтып тауысу мүмкін емес. Ойласам, түнімен кірпік ілмеймін, жаным түршігеді, ешкімге тілемеймін", - деген еді сұқбаттарының бірінде қазақтың ұшқышы. Қазақ қызы Кенес Одағының батыры атанбай қалды Хиуаз Доспанованың ерлігі Кеңес Одағының батыры атағын алуға лайық болғанымен, одақ бұл атақты қазақтың ұшқыш қызына қимады. Халық жазушысы, соғыс ардагері Әзілхан Нұршайықовтың Хиуаз туралы жазбасында "Ұлы Отан соғысында Талғат Бигелдинов жау тылына-305, Леонид Беда-211, Сергей Луганский 390 рет ұшып, жауынгерлік тапсырманы

орындап, үшеуі де екі мәрте [Кенес Одағының](#) батыры атағына ие болды. Олар қуаты күшті ұшақтарды басқарды. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағының жау ұшағымен шайқасар қуаты жоқ..."-деп жаза келе, Хиуаз Доспанова кішкене ғана фанера ұшақпен 300-ден астам рет әуеге көтеріліп, жауға ойсырата соққы бергенін айтып, қанатты қыздың ерлігі соғыс жылдарында бағаланбаса да, бейбіт өмірде бағалануы тиіс деп өз ойын ашық жазған еді Ұлы Отан соғысында айрықша ерлік көрсеткен ұшқыш қызды халқы осы сәттен кек етіп, кейін ұшқыштар дайындайтын училищеге түседі. Өрімдей жас қыздың қайсарлығына тәнті болған атақты ұшқыш әйел Марина Раскова сол кезде-ақ оған зор үміт артқан екен. Есімдері кең тараған ұшқыш әйелдер Гризобудова, Осипенко, Расковаларға еліктеген Хиуаз Доспанова үмітті ақтайды.

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қонақтар мен оқушылар!

Бүгінгі мерекелік шара Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне арналады.

2-жүргізуші:

Жеңіс деген – жақсылықтың сыңары,

Жігер менен құштарлықтың құралы

Күрескердің арманы мен ұраны

Қуаныш пен мерекенің бұлағы

Міне, Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерей тойы кезекті көктемнің шуақты күнімен пара-пар келіп отыр. Иә, осынау ұлан-ғайыр даламыз нені бастан кешірмеді дейсіз? Небір төңкеріс, небір көтеріліс, небір жеңіс пен жеңілісті, қызық пен қиындықты өткерді емес пе? Ата-бабаларымыздың осындай ерлігінің бірі – Ұлы Отан соғысындағы жеңісі. Сонау 1941 жылы бейбіт жатқан елге Германия фашизмдері ашқан соғыс қазақ ұлдарынжалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз калдырғаны әрбір адамның жүрегінде.

1-жүргізуші:

Ия, дұрыс айтасың, Қазақстанымызда соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата-әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

Дәл осынау жадыраңқы жай күні,

Болса дағы қай ғасырдың қай жылы.

Ұлы Отаным басын иіп бір минут,

Есіне алмақ сол бір апат қайғыны.

(бір минут үнсіздік, орнынан тұрып еске алу)

2-жүргізуші:

Құрметті қонақтар бүгінгі біздің мерекелік шарамызға Ұлы Отан соғысының куәгерлері,елін, жерін қорғаған, бізге осындай бақытты да бейбіт заман сыйлаған қаламызда тұратын соғыс ардагерлері қатысып отыр. Құрметті Отан соғысы, ауған соғысы ардагерлері мен тылда еңбек еткен апаларым:

Күн тұтылып, жоғалған жарықтарың

Желге ұшқанда жастығың, мамықтарың

Жария етіп жаһанға Жеңісіңді

Өнеге еткен өренге өр ісінді

Бай-қуатты барсыз ба, алыптарым!

Сіздерге дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, отбасыларыңызға береке-бірлік, әрбір шаңыраққа шаттық тілейміз.

(Ардагерлерге гүл шоқтары беріледі)

Ән: «Жойылсын соғыс».

1-жүргізуші:

1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталды. Отанымыздың басына ауыр күндер туды. Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр қазақтың баласы барынша күресе білді. Әр азамат өз Отанына деген антын абыроймен орындай білді. Дәл осы кезде «Отан Ана шақырады» ұранымен бүкіл кеңес халқы, ал Қазақстанымыздан 1 миллион 366 мың адам майданға аттанды. Қазақстанда соғыстың алдында 6,2 миллион халық тұратын еді. Республикадан еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Сонда Қазақстаннан соғыс жылдары әскери комиссариаттары арқылы 1 млн. 900 мыңдай адам сапқа тұрды.

Соның ішінде қазақстандық жаужүрек жауынгерлер, тарихта есімдері алтын әріптермен жазылған Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, М.Ғабдуллин, М.Маметова, Ә.Молдағұлова

жандарын отқа қиып, батырлықпен қаза тапты.

Ән: «Әлия»

2-жүргізуші: Отан Ана еліміздің ер азаматтарының қолына қару, бойына қуат беріп, жауға шығарып салды. Қазақстанда құрылған 316 атқыштар дивизиясының қолбасшысы генерал майор В. Панфилов болды.

Тастар көкке атылды,

Орман шулап, тау құлап,

28 батырды жеңе алмады жау бірақ.

Жамылды жер тұманды,

Өрт ішінде қалды бақ.

28 қыранды жеңе алмады жау бірақ.

Оқ астында зулаған,

Туған жермен бірболып,

Жау алдында тұр олар 28 мың болып,

28 батырын ұмытпайды ел мәңгілік.

Оқушы қыздардың орындауында «Катюша» биі

1-жүргізуші:

Міне, соғыс қасіреті осылайша ананы баладан, баланы әкеден айырып, көздің жасын көл етті.

Олар Отанымыздың байтақ жерін қорғады

Ақ сүт берген анасын қорғады

Самал ескен даласын қорғады

Пәк жүзді арай даласын қорғады.

Радио: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Біздің халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық ерлігі жеңіспен аяқталды. Бұл жеңіс 20 миллион адамдардың қанымен, тірілердің табан ет, маңдай терімен келді. Соғыста ерлікпен қаза тапқан қыршын жастарымыздың қаһармандық рухы ұрпақтар есінде мәңгі сақталады!

Ән: «День победы»

2-жүргізуші:

Отанын сүйіп, ар-намысын сақтаған

Жарты Еуропаны жаяу өтіп аттаған

70 жылда тат баспаған есімін

Ел қорғаған ерлеріммен мақтанам.

Жеңіс күнін батырларым әперген,

Желбіретіп қызыл туды көтерген.

Туған елін жау қолында қалдырмай,

Ерлікпенен ел парызын өтеген.

Он сегіздесоғысатты от кешкен,

Жараланыпжасденесіноқтескен,

Аталарым, ардагерлер, болшыаман,

Зейнетінкөрбейнетіңнен мол кешкен.

Ардагерлер, ұзақ өмір сүріңдерші,

Арамызда ардақ болып жүріңдерші!

Құрметтейік жеңісті мамырдағы,

Бақыттан рахаттанып күліңдерші!

Ардагер аталарға мың алғыс!

Қызығын сыйлаған бұл дүниенің.

Келешек ұрпағының бақыты үшін,
Батырлықпен қорғаған жаудан жерін.

Жүрек біткен желпінсін жүйрік аттай,
Сезім біткен серпілсін дамыл таппай.
Дәл бүгін өлең айтпай, ән шырқамай,
Қандай жүрек қалғандай қанат қақпай.

1-Жүргізуші:

Ия, Отанымызды шексіз сүйіп, оны қастерлей білейік ағайын, ата-баба дәстүрін, әдет-ғұрпын берік ұстап, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсетейік. Халқымыздың ерлігімен, батырлығымен, қайсарлығымен келген Тәуелсіздігіміздің көк туын мәңгі көкке желбіретейік. Елімізде бейбітшілік болсын! Айбынды азаматтарымыз аман болсын!

Жасасын Жеңіс, бақытты елім күле бер,
Тәуелсіз алған Қазақстанымда мәңгі жүре бер.
Болмасын соғыс, болмасын енді, болмасын!
Бір Алла өзі барша халықты қолдасы

«Еңсесі биік – ұлы Жеңіс!»

Тайшыбекова Жанагуль Сулейменовна,

заведующая библиотекой сш №11

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек еткен аналардың тұлғасын, асыл бейнесін ашу, кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге ету.

Сахна мерекеге сай безендірілген.

Көрініс: Ортаға киіз басуға жиналған аналар шығады. Бір-біріне Салимаштың үйіне киіз басуға баратындарын айтып, Салимаштың үйіне келеді. Аналар ән айтып, әңгімелесіп отырып киіз басады. Осы кезде соғыстың басталғаны туралы радиодан дауыс естіледі.

Радиодағы дауыс:

«Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Соғыс, соғыс басталды, Неміс басқыншылары тұтқиылдан шабуыл жасады». Аналар жаман хабарды естіп, залдан шуласып шығып кетеді. (таспадан шулаған, жылаған әйелдер мен балалардың дыбыстары естіліп тұрады)

Соғысқа аттануға дайындалған солдаттар музыка әуенімен сап түзеп, залға кіреді. Командирі солдаттарды дайындық жаттығулар жасауға тұрғызады.

Қария :

— Балаларым, қырандарым!

Ел шетіне жау тигенде, бабаң бүгіп қалмаған,

Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» — деген.

Отан үшін аттан, аттан, аттан!

Ұран: Отанды біз қорғаймыз

Жаудың алдын ораймыз.

Командир: Отан үшін алға!

Солдаттар: Ура, ура, ура!

Солдаттар залдан саппен жүріп шығып кетеді.

Ана сөзі: Е, бұл соғыс бәрімізді де есеңгіретіп жіберді-ау.

Осы кезде таспадан почташы қыздың келе жатқаны хабарланады. Почташы қыз жүгіріп келеді. Почташы : Сүйінші, сүйінші хат келді. Аналар дабырласып хаттың кімге келгенін білуге асығады. Почташы қыз Күләйша апаның баласына келген хатты беріп, басқада ауылға хат апарып беретінін айтып қоштасып кетеді.

Ана баласынан келген хатты ашып оқиды.

«Майданнан хат» (үзінді):

Хат жазамын майданнан,

Мейірімшіл ғазиз-анама.

«Жақыным-жарым» дегенмен,

Анаңдай жақын бола ма?

Көңілінде тілек, көзде жас,

Екі қолың жағанда.

Қасірет шегіп, қан жұтып,

Сарғайдың ба санаға?

Сағынған соң мені ойлап,

жүрегің оттай жана ма?

Ет бауырың елжіреп,

Қайғыра берме балаңа.

Сабырдың суын бере көр,

Жаныңдағы жараңа.

Ажалсыз адам өлмейді,

Мезгілсіз шөлмек сына ма?

Ердің басы ел үшін,

Арыма жаным садаға.

Бұлт жамылып қар төсеп,

Мен жатырмын далада.

Майданнан келген хат таспадан тыңдалып, аналар қуанып, қауқылдасып тұрады. Сол қуаныш артынан радиодан соғыстың біткені хабарланады.

Радио: «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Москва! 1945 жылы 8 мамырды Германияның жоғарғы командованиясы жеңілгендігін мойындап Актіге қол қойды. 9 мамыр Жеңіс күні!

Ана сөзі:

Опять война, опять блокада...

А может нам о них забыть?

Я слышу иногда: «Не надо»,

Не надо раны беречь.

Ведь это правда, что устали

Мы от рассказов о войне

И о блокаде прочитали

Стихов достаточно вполне.

И может показаться правы

И убедительны слова.

Но даже если это правда,

Такая правда не права.

Чтоб снова на планете мирной

Не повторилось той войны.
Нам нужно, чтобы наши дети
Об этом помнили, как мы.
Я не напрасно беспокоюсь
Чтоб не забылась та война.
Ведь эта память — наша совесть.
Она, как сила нам нужна.

1-Жүргізуші:

— Армысыздар, ардақты қонақтар, құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Отан алдындағы борышын ақтап, қанды қырған соғысты тұншықтырып, ұрпағына бақыт әкелген ардагерлерімізге мың алғыс деп, Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жиынға қош келдіңіздер!

2-Жүргізуші:

— Добрый день, дорогие гости, уважаемые преподаватели и ученики!

Мы собрались сегодня в этом зале накануне великого праздника – Дня Победы над фашистской Германией. День Победы – это радостный и горький праздник. За плечами этого праздника страшное время войны. Войны, ставшей тяжелейшим, трагическим испытанием для нашей Родины. Войны, длившейся 4 страшных года, 1418 дней и ночей.

1-Жүргізуші:

— Сіздерді өшпес ерлік пен өлшеусіз даңқты халқымыздың шексіз қаһармандығымен мұқалмас қажыр-қайратының мерекесі — Ұлы Жеңістің 75 жылдығымен құттықтаймыз. Қайсарлық пен қаһармандық, Отанға деген сүйіспеншілік аса қатыгез сұрапыл соғыста жеңіске жол ашты.

2-Жүргізуші:

Вот 75 года отделяют нас от суровых и грозных лет войны. Но время никогда не изгладила из памяти Великую Отечественную войну. В сердцах людей она жива, потому что до сих пор еще не залечены раны, не иссекла боль, не забыты те, кто отдал жизнь за Великую Победу, живут среди нас ветераны.

1-Жүргізуші:

Содан бері 75 бейбіт жыл артта қалды. 1945 жылы 8-мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап, қол қойды. Ал, 9 мамыр күні бұрын-соңды болмаған 1000 зеңбіректен 30 дүркін салют атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді. Бүгін сол Ұлы Жеңіске қарумен, қаһармандығымен ат салысқан майдангерлер салтанатты кешіміздің құрметті қонақтары.

Ардагерлерді құттықтау үшін сөз кезегі мектеп басшысы беріледі.

2-Жүргізуші:

Спасибо вам, ветераны, за то, что смогли прийти к нам, помогли нашим юным сердцам прикоснуться к великому подвигу народа. Вам мы обязаны жизнью. Низкий поклон вам, признательность и наши цветы.

(громко звучит музыка, ветеранам вручаются цветы)

1-Жүргізуші:

: Ұлы Отан соғысында еліміздің тәуелсіздігі мен халқымыздың бақыты үшін ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер рухына тағзым етіп, 1 минут үнсіз тұрып еске түсірейік.

2-Жүргізуші:

Вечная слава и вечная память,
Павшим в жестоком бою. (минута молчания) МЕТРОНОМ

1-Жүргізуші «Сен құрметте оны» өлеңін оқиды:

Сен құрметте оны!

Түсіндің бе, қарағым?

Ол ақшаға сатқан жоқ,

Тізеден кесіп аяғын.

Ерікеннен ұстап та жүрген жоқ

Қолтықтағы ұзын таяғын.

Кеше елге қатер төнгенде

Ол жауға қарсы шапты,

Бізді жауламақ болған ажалды

Өр кеудесімен қақты.

Ол арыстанша алысты,

Өлім соққысын өз үлесіне алды.

Денесін оқ пәршелесе де

Ел намысын қорғап қалды.

Сен құрметте оны!

Түсіндің бе, қарағым?

Сенің келешегің үшін берді ол

Азаттық жолында аяғын!

«Журавли» әнін орындайды.

1-Жүргізуші:

Талай жанды қиды ажал балтасы.

Жауды жеңіп қайтты ауылға қаншасы.

Біздің мына бейбіт өмір алаңсыз.

Ел қорғаған батырлардың арқасы.

2-Жүргізуші:

Не забыть нам этой даты,

Что покончила с войной.

Победителю- солдату,
Сотни раз поклон земной!

соғыс туралы өлең оқиды.

1-Жүргізуші:

Бүгінгі күн – көптен күткен салтанатты күн, зымыраған уақыттың қанатында Жеңістің міне 75 — көктемі де келіп жетті.

75жыл — бейбіт көктем таң атқалы,

75 жыл — шуақты күн таратты әнін.

75 рет — көктемде сонан бері,

Ашылды ЖеңіВойна лишила сотни тысяч детей отцов и матерей, дедов, старших братьев. Она унесла более 27 миллионов человеческих жизней.

Более 27 млн. за 1418 дней – это 19 тысяч убитых ежедневно, около 800 человек в час, более 10 человек в минуту. Каждый шестой житель нашей страны погиб во время войны. Если по каждому из них объявить минуту молчания, то страна будет молчать – более 50 лет. Вот что такое 27 млн.

Видео про Войну

ән айтады.

1-Жүргізуші:

— Ұлы Отан соғысы қарсанында Республикамызда 7 Мамыр — Отан қорғаушылар мерекесі еліміздің өмірінде алатын орны өзгеше. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Ата-бабаларымыздың батырлық істеріне құрмет білдіру күні.

2-Жүргізуші:

— Накануне Дня Победы – 7 мая — в нашей Республике отмечается День защитников Отечества. Этот день – день уважения всем поколениям героического воинства. А поскольку испокон веко защитниками были мужчины, то это воистину «мужской день». Мы поздравляем с этим праздником сильную половину нашего школа! Желаем вам счастья безграничного, здоровья богатырского, любви вечной, и дарим этот концертный номер.

«Солдат» әнін салады.

2-Жүргізуші:

Юные безусые герои,
Юными остались вы вовек.
Перед вашим вдруг ожившим строем
Мы стоим, не поднимая век.
Боль и гнев сейчас тому причиной.
Благодарность вечная вам всем,
Маленькие стойкие мужчины,
Девочки, достойные поэм.
Вальс.

1-Жүргізуші:

Осы соғыста Кеңес Одағының басқа республикаларымен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамына 1 млн. 870 мың қазақстандықтар болған.

Жігіт жастан қан майданға кеттің бе?

Сағындырдың көз ілдірмей көп түнде.

